М. Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейінің кезектен тыс педагогикалық кеңесі

Хаттама 3/2

Ақтөбе қаласы 28.02.2024ж

Қатысқандар: 78

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы

мектеп директорының оқу-тәрбие ісінің орынбасары А.С. Таңсықбаева

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша А.С. Таңсықбаева сөйледі. Ол өз сөзін бұйрықпен таныстырудан бастады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 ж 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдардың негізінде өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып табылады:

1) Білім беру ұйымдарының мақсаты. Міндеттері мен құндылықтары;

2) Оқыту және білім беру;



3. Білікті қызметкерлердің болуы;

4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;

5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 ж. 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары басшылыққа алынып, зерттеу жұмыстары комиссия мүшелеріне бөлінді.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдар.

- Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын төрағаны қоса алғанда, білім беру ұйымының кемінде бес (тақ саны) қызметкерінен тұратын комиссиямен жүргізу ұсынылады.
- Комиссия төрағасы болып білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлауды және оған басшылықты жүзеге асырады.
- Бармай профилактикалық бақылау алдындағы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы келесі кезеңдерден тұрады:

1) Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесті (ғылыми кеңесті) бармай профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарлан

ған мерзіміне дейін екі айдан кешіктір-
мей ұйымдастыру;
2) техникалық және кәсіптік, орта бі-
лімнен кейінгі бағалау жүргізу кестесін құру.
- комиссияның білім беру ұйымының өзін-өзі
бағалауы қорытындыларын шығаруы.
- МЖМБС бекітілген тиісті білім беру дең-
гейінің мемлекеттік жалпы білім беру
стандартының талаптарында көзделген
жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын
меңгеру бойынша білім алушылардың
даярлық деңгейінің сәйкестігін анықтау
үшін жағары оқу орнынан кейін дайындан-
тураны қоспағанда, 4, 9, 11-сыныптардың
және бітіруші курстардың білім алу-
шылары арасында оқыту нәтижелерін
бағалау жүргізіледі.
- компьютерлік тестілеуді комиссия білім
беру ұйымының басшысы бекіткен және
білім беру саласындағы уәкілетті орган-
мен айқындалған тестілеу ережелері
жөніндегі ұйым басшысымен келісілген
кестеге сәйкес:
1) қажет жабдықтармен жарақтандырылған
және тестілеуді тұрақты және үздіксіз
өткізу үшін жағдай жасалған кезде
(компьютерлік сынып, бейнебақылау камераларын
интернет, онлайн-трансляциялар) білім
беру ұйымдарының;

2) компьютерлік сыныптармен жабдықталған, оның 
ішінде интернеті бар және тестілеу өткізу үшін ең
аз қажетті жағдайлар жасалған кезде білім беру
ұйымдарының,
Байқаушылар бағалау әдістемелерттарының
4-тармағының-4 тармақшасына сәйкес
компьютерлік тестілеуді ашық және объективті
жүргізу мақсатында білім беру саласындағы
уәкілетті орган ведомствосы, оның аумақтық
бөлімшелерінің байқаушы ретінде қатысатын
және өткізілген компьютерлік тестілеудің
аудио-бейнежазбасын жүргізетін қызмет-
керлерінің қатысуымен өткізіледі.
- Оқыту нәтижелерін бағалау әдістемелерт-
тарының 4-тармағының 6 тармақшасына
сәйкес оған жататын контингенттің
тізімдік құрамынан білім алушылардың
тәрбиеленушілердің) кемінде 90%-ы тестілеуге
қатысқан кезде (10 немесе одан аз білім
алушылары құрайтын білім беру ұйымдары
үшін - кемінде 80%) компьютерлік тестілеу
немесе тестілік бақылау комиссиясының
және байқаушылардың келісімі бойынша
басқа күнге ауыстырылады.
- Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын
білім алушылардың жалпы санынан
компьютерлік тестілеуге немесе тестілік
бақылауға дәлелсіз себептермен білім алушы-
лардың 10%-дан астамы қайта келмеген

Жағдайда [illegible]
шылардың ведомостарына "0" балл қояды.
Дәлелді себептерге мыналар жатады: ден-
саулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консуль-
тациялық комиссия қорытындысының
болуы; жақын туыстарының қайтыс
болғанын растайтын құжаттардың
болуы; төтенше жағдайлар.
Компьютерлік сыныпқа немесе оқу сыны-
бына кіргізу барысында бөгде тұлға
анықталған кезде, компьютерлік тести-
леумен немесе тестілік бақылауға жа-
татын білім алушының ведомосына
"0" балл қойылады.
Компьютерлік тестілеу және тестілік
бақылау нәтижелерін өзін-өзі бағалауды
жүргізу комиссиясы төрт балдық
жүйе бойынша бағалайды.
Инклюзивті білім беру шеңберінде ерек-
ше білім берілуге қажетті балалар
компьютерлік тестілеу рәсімінен, оның
ішінде тестілік бақылаудан босатылады.
Және психологиялық-медициналық-педа-
гогикалық консультацияның қорытын-
дысы негізінде оқыту нәтижелерін баға-
лауға жататын білім алушылар
контингентінің тізімдік құрамына
енгізілмейді.
Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауға



қорытындылау
Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы
жалпы білім беру ұйымдары бойынша,
оның ішінде тиісті білім деңгейіне қарай
білім беру деңгейлері, мамандықтары
немесе кадрлар даярлау бағыттары
бойынша қорытынды түрінде рәсімдеді.
Өзін-өзі бағалау қорытындысының құрылы-
мымен мазмұны білім беру ұйымы
туралы жалпы мәліметтерді қамтиды:
1) білім беру ұйымының толық атауы.
2) білім беру ұйымының орналасқан жері.
3) заңды тұлғаның байланыс деректері.
4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері
(басшының Т. А. Ә. лауазымға тағайындау
туралы бұйрықтың көшірмесі)
5) құқық белгілейтін және құрылтайшылық
құжаттары'
6) рұқсат беру құжаттары.
Бағалау өлшемшарттарына сәйкестігін
бағалауды комиссия жүргізеді және бекітеді.
Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогика-
лық кеңес немесе қамқоршы кеңестің оты-
рысында қарастырылады және білім беру
процесінің барлық қатысушыларының
назарына жеткізіледі.
Білім беру ұйымының басшысы білім
беру ұйымының өзін-өзі бағалау қоры-
тындысының нәтижелері бойынша қам-

қорғыштың кеңес немесе жалпы кеңес алдында есеп береді.

Жоғарыдағы мәселелерді тыңдай және талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, сапалы жүргізілсін;

2. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін комиссия мүшелері құрылсын, комиссия мүшелерінің міндеттері бекітіліп берілсін;

3. 4, 9 сынып білім алушыларына өз құзыреті шегінде оқыту нәтижелерін бағалауды жүргізу кезінде (компьютерлік тестілеуді өткізу) бақылаушы ретінде қатысу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне өтінішхат жолдансын;

4. Педагогтер, білім алушылар және 4, 9 сыныптардың білім алушыларының ата-аналарынан (заңды өкілдері) онлайн форматта сауалнама алу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне өтінішхат жолдансын;



5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы, мектеп директоры: Д.Қ. Қартпаганбетова

Хатшы: С.М. Алпысбаева

***Кезектен тыс педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелер:***

28.02.2024ж

1. **Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

мектеп директорының оқу-тәрбие ісінің
орынбасары А.С.Таңсықбаева

**Педагогикалық кеңестің**
**қаулысы.**
№3/2

28 ақпан 2024 жыл

«Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру
және өткізу туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдардың негізінде өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен обьектілері болып табылады:

1) Білім беру ұйымының мақсаты. Міндеттері мен құндылықтары;
2) Оқыту және білім беру;
3) Білікті қызметкерлердің болуы;
4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген **Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары** басшылыққа алынып, зерттеу жұмыстары комиссия мүшелеріне бөлінді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алып, жоғарыда айтылған мәліметтерді тыңдай және талқылай келе педагогикалық кеңес

**қаулы етеді:**

1. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, сапалы жүргізілсін;
2. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін комиссия мүшелері құрылсын, комиссия мүшелерінің міндеттері бекітіліп берілсін;
3. 4,9 сынып білім алушыларына өз құзыреті шегінде оқыту нәтижелерін бағалауды жүргізу кезінде (компьютерлік тестілеуді өткізу) бақылаушы ретінде қатысуы үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелеріне өтінішхат жолдансын;
4. Педагогтер, білім алушылар және 4, 9-сыныптардың білім алушыларының ата-аналарынан (заңды өкілдері) онлайн форматта сауалнама алу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелеріне өтінішхат жолдансын;
5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Педагогикалық кеңестің
төрағасы, мектеп директоры: Д.К.Картпагамбетова
Хатшы: С.М.Алпысбаева